Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

# ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

## Ойын қызметін ұйымдастыру үдерсінде 6 жасар балалардың дербестігін дамыту

Ғылыми жетекші: Досжанова Светлана Ермекбаевна, п.ғ.к., доцент
Орындаған:

# КІРІСПЕ

## Зерттеу пәні:

Ойын қызметін ұйымдастыру үдерісінде 6 жасар балалардың дербестігін дамыту

## Зерттеудің болжамы:

Егер, 6 жасар баланың ойын кезіндегі белсенділігі мен қызығушылығын арттырсақ, ойын қызметінде баланың дербестігін қалыптастыра аламыз.

## Зерттеудің міндеттері:

1. 6 жасар баланың жасына сай қалыптасатын ойын әрекетіне сипаттама беру;
2. 6 жасар баланың дербестігін қалыптастырудағы ойынның қызметін анықтау;
3. 6 жасар баланың дербестігін қалыптастырудағы ойынның дамыту құралы ретінде сипаттау;
4. 6 жасар баланың дербестігін қалыптастырудағы ойынның тиімділігін бағалау.

## Зерттеудің әдістері:

Ғылыми әдебиеттерге шолу жасау, бақылау, диагностикалау, артикуляциялық жаттығуларды сарарау

## Зерттеудің ғылыми жаңашылдығы мен практикалық маңыздылығы:

Дипломдық жұмыстың мазмұны мен материалдары ойын қызметінде 6 жасар баланың дербестігін дамытуға арналған көмекші құрал ретінде қолданылу мүмкіндігі нақтыланды

## Тақырыптың өзектілігі:

Ойын – баланың мектепке барғанға дейінгі ең басты жұмысы. Баланың ойынмен ойнауы, түрлі ойындармен ойнау баланың рухани және дене күшін дамытады, таным процестерін қалыптастырады, эстетикалық талғамын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, баланы айнала қоршаған ортамен еркін араласуға үйрететін мақсатты процесс.

## Зерттеудің мақсаты:

Ойын қызметін ұйымдастыру үдерісінде 6 жасар балалардың дербестігін дамыту жұмысының мазмұнын ғылыми тұрғыда негіздеу, тәжірибелік жұмыстар кезінде ойынның бала дербестігін қалыптастырудағы ролін анықтау

## Зерттеудің нысаны:

Ойын қызметін ұйымдастыру үдерісінде 6 жасар балалардың дербестігін дамыту процесі.

## Зерттеудің базасы:

Ақтөбе қаласы, № 20 «Дидар» балабақшасы

**Зерттеудің кезеңдері:** 2021-2022 оқу жылының ақпан айына дейінгі аралықта 6 жасар балалардың ойын әрекетіне түсу белсенділігі мен қызығушылықтарына бақылау жасалды. Тәжірибелік-эксперимент жұмысы екі кезеңнен (анықтаушы және қалыптастырушы эксперимент) тұрды. Анықтаушы эксперимент барысында зерттеу тақырыбымыз бойынша ғылыми әдебиеттерге, арнайы веб-сайттарға талдаулар жасалып, тақырыптың өзектілігі ғылыми тұрғыда негізделді. Қалыптастырушы эксперимент барысында, 6 жасар баланың ойын арқылы дербестігін дамытуда балалардың тұлғалық дамуына сипаттама беріліп, сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді түзетуге арналған артикуляциялық жаттығулардың тиімділігін анықтайтын жұмыстар жүргізілді, артикуляциялық жаттығу арқылы балалардың сөйлеу тіліне әсерін бақылау жасалды, олардың нәтижелері көрсетілді.

**Зерттеудің құрылымы:** кіріспеден, негізгі бөлімнен, қорытындыдан, әдістемелік нұсқаудан және әдебиеттерден тұрады



# І. Ойын қызметін ұйымдастыру үдерісінде 6 жасар баланың дербестігін дамыту мәселесін ғылыми-педагогикалық тұрғыда негіздеу



Ойын қызметін ұйымдастыру кезінде 6 жасар баланың дербестік қасиеттерін дамыту жұмысы баланың интеллектуалдық дамуы мен танымдық қабілеттерінің даму көрсеткішін анықтайды. Ал, интеллектуалдық даму көрсеткіші баланың сөйлеуі, ойлауы, қиялы мен есін дамытын баланың тұлғалық дамуын қамтамасыз етеді. Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін, әрі тәрбиелейтін де негізгі іс-әрекет ойын. Ойын арқылы бала қоршаған ортамен, адаммен, олардың еңбегімен, қарым – қатынасымен танысады. Ойын арқылы олардың ой-өрісі дамиды. Ойын үстінде балалар әртүрлі рөлде жолдастарымен қарым – қатынас жасауға, ойын үстінде ойлана отырып жауап беруге, қиялдауға, елестетуге қабілеттері қалыптасады. Сөздік ойындары балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытады. Ойыншықтарды пайдалана білуге үйренеді.



Кесте 1.
Ойынның ғылыми тұрғыдағы мәні мен маңызы

| Ойынның философиялық мәні | Баланың дүниетанымдық рухани көзқарастарын дамытады |
|---|---|
| **Ойынның тарихи сипаты** | Ойын адамзат дамуының барлық кезеңінде дамып, қалыптасты. Өмір сүру образына қарай адамдар ойын арқылы халқымыздың тарихымен таныстырған |
| **Ойынның этнографиялық орны** | Ойындағы фольклорлық үлгілер, өлеңдер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар жаттату арқылы баланың логикасын, тез ойлауын, қиялын дамытады |
| **Ойынның психологиясы** | Ойын арқылы баланың барлық таным процестері (ойлау, есте сақтау, зейін, қиял, елестету, сөйлеу) дамиды, қалыптасады |
| **Ойындағы экономикалық сипат** | Ойын арқылы бала үнем, ысырапшылдық, қанағатшылдық деген ұғымдармен танысып, олардың адам өміріндегі маңызын түсінуді үйренеді |
| **Ойындағы экологиялық сипат** | Таза ауада серуен, экскурсия, тауға шығу (жазғы, қысқы ойындар) арқылы бала табиғатты қорғау, сақтау керектігін үйренеді |
| **Ойынның медициналық сипаты** | Ойын қызметінде баланың денсаулығы қалыптасады, көру өткірлігі, есту қабілеті, шапшаңдық, қимыл-қозғалысқа түсу қабілеттері қалыптасады |
| **Ойынның ұлтты көрінісі** | Ұлттық ойындар арқылы бала өз ұлтына тән ерекшеліктермен, ұлттық әдет-ғұрыптасмен танысып, оларды дәріптеуді үйренеді |







Ойын – мектепке дейінгі балалар үшін айналадағыны танып білу тәсілі. Тәрбиешінің негізгі міндеттерінің бірі - бала ойынына басшылық ету, мазмұнды-рольдік ойындарды қадағалау, тәрбиелік мәні бар ойындар ұйымдастыру.  Ойын балалар өмірінде үлкен орын алады. Қозғалыс ойындары балалардың ептілік, тапқырлығын, өзін-өзі билеушілігін дамытады. Ойын балаларды жылдамдыққа төзімдікке тәрбиелейді. Ойын барысында бала өзінің назарын қимылды орындау әдісіне емес, мақсатқа жетуге аударады. Ол ойын шартына бейімділік ептілік көрсетіп, сол арқылы қимылды жетілдіріп, мақсатты әрекет етеді. Балалар ойын арқылы шынығып, өзінің бойындағы табиғи дарынын шындай түседі. Ойын дегеніміз – тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, балаға қиялымен қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе, ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы. Ойындардың сауықтыру, тәрбиелеу және білім беру маңызы сан-салалы, оны жүзеге асыру асыру үшін мұғалімнің шығармашылық көзқарасы мен педагогтық шеберлігі қажет. Баланың қиялы әсіресе ойында жарыққа

# 1.2.Ойын қызметін ұйымдастыру үдерісінде 6 жасар баланың дербестігін дамыту әдістері

Бала дамуындағы әрбір жас кезеңдеріне сәйкес рефлекстік белгілер, қозу мен тежелу кезіндегі баланың эмоциясының жағдайы, бұлшық ет тонусы осы зерттеу жобамыздың ғылыми талдауын нақты анықтауға мүмкіндік берді. Өйткені, психомоторлық дамудың жас ерекшелік кезеңдерге сәйкес дамуы, қалыптасу, баланың ойын кезіндегі еркін қимыл-қозғалысқа түсу әрекетін ұйымдастырғанда тиімді болып табылады.

Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді. Ойын ұйымдастыруда балаларға жетекші бола отырып, ойнай білуге,ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады. Сонымен қатар, ойын – тынысы кең, ойдан-ойға жетелейтін қиялымен қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы. Ойын дегеніміз – ұшқын білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты»,- деген



Баланың қарапайымнан күрделіге қарай белгілі бір әдеттер мен дағдыларды игеруі дамудағы қалыптасқан стереотиптерді қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл жерде адамның тәртібі, іс-әрекеті – сананың бақылауында екенін көрсетеді. Осы қалыптасқан стереотиптер адамның тәртібіне, эмоциясы мен мінезіне ықпал етіп, белгілі бір әрекеттерді игеруде жетекші роль атқаратындығын айтуға болады.

Қазір нәресте жақында мектепке баратын уақыт, және сіз оған арнайы дайындалған және таңдалған онлайн ойындарды ойнау арқылы оған дайындалуға көмектесе аласыз.

# Менің ойымша, келесі ойын ережелерін бөлуге болады:

1.Ойын балаға да, үлкенге де қуаныш сыйлауы керек. Сәбидің әрбір жетістігі - сіздің де, оның да ортақ жетістігі.

2. Баланы ойынға қызықтырыңыз, бірақ оны ойнауға мәжбүрлемеңіз. Ойында баланы ренжітпеңіз.

3. Оқу – шығармашылық ойындар. Барлық тапсырмаларды балалар өз бетінше орындауы керек.

4. Тапсырмалардың салыстырмалы қиындығын сезіну үшін балаларға тапсырма бермес бұрын міндетті түрде өзіңіз орындауға тырысыңыз

5. Міндетті түрде орындай алатын тапсырмалардан немесе олардың оңай бөліктерінен бастаңыз. Ерте табысқа жету міндетті болып табылады

# Дидактикалық ойынның ерекшелігі

Дидактикалық ойынның ерекшелігі – балалардың білім мен дағдыны меңгеруі практикалық іс-әрекетте жүзеге асады. Ойынның көмегімен балалардың есте сақтау, ойлау, зейін, қиял, яғни баланың кейінгі өміріне қажет қасиеттер дамиды. Ойын барысында бала жаңа білім, білік, дағдыларды меңгереді. Кейде ата-аналар баласына оқу дағдыларын бекіту үшін мектепте ойнауды, санау қабілетін тексеру үшін дүкенге баруды ұсынады. Ойындар бірнеше түрге бөлінеді: ақыл-ой қабілеттерін дамытуға, қабылдауды, зейінді, шығармашылықты дамытуға арналған және тағы басқа ойындар баланы мектепке дайындауға көмектеседі. Зейіннің ауысуы бір әрекеттен екіншісіне ауысуды білдіреді. Есте сақтауды дамытуға арналған ойындарда есте сақтау дамиды және нығаяды, есте сақтауды дамыту үшін ерікті болады, «Қуыршақтың туған күні»,



# 1.3. 6 жасар баланың дербестігін дамытудағы ойындарының жіктелімі

Танымдық дербестік пен қабілеттерді дамытудағы дамытушылық ойындар 6 жасар балаға не үшін қажет?

- Баланың өз бетімен қызығушылығын туғызады;
- Жеке қабілеттерін, потенциялын өз бетінше көрсете біледі;
- Бәсекелестікке түсе алады;
- Оқу, жазу, қимылдау еркіндігі мен дағдыын меңгереді.

Кесте 7

Танымдық қабілеттердің дамуы нәтижесіндегі баланың дербестігінің қалыптасуы

| Танымдық процестері | Дербестік қасиеттері |
|---|---|
| **есте сақтауды дамыту** | көру, есту, түріндегі сенсорлық қабілеті қалыптасады |
| **ойлау қабілетін дамыту** | ойлау қабілеті, шығармашылық қасиетін көрсету, қиындықтарды жеңу, салыстыру, |
| **Қиялды дамыту** | ертегі, жұмбақтар, таңғажайып бейнелерді ойлап таба білу |
| **Қол, саусақтар қозғалысын дамыту, дамыту ойындары** | Психогимнастика, мимика, қимыл-қозғалыс еркіндігі қалыптасады |
| **Адамгершілікке баулу ойындары** | Еңбекқорлыққа тәрбиелеу |
| **Әдептілікке баулу ойындары** | Өзін-өзі бағалау және ұстамдылық қасиеттерін қалыптастыру |
| **Қиялды дамыту ойындары** | Қиял, шығармашылық даму |

## Кесте 8
## Дербестікті дамыту ойындарының түрлері

| Дамытушылық ойындар | Есте сақтау мен зейінді дамыту ойындары | Бояулармен жұмыс |
|---|---|---|
| | Мәдени ойлауын жетілдіретін ойындар | «Үздіксіз іздеу», «Түйме» |
| | Шығармашылық қиялды дамытатын ойындар | Жазу дағдысын қалыптастыру |
| | Психогимнастика, мимикалық жаттығулар | Бет, дене бұлшық еттерін дамыту жаттығулары |
| | Сөздік қорды дамыту ойындары | «Сөз ойла», «Қай сөз?» |
| **Жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту ойындары** | Бала оқу мен ойын элементтері арасындағы әрекетке түсіп, танымдық ізденісін қалыптастырады | Үстел үсті ойындарын ойнау |
| | Ойынның шарттарын, тапсырмаларын қарапайымнан күрделіге қарай көшу арқылы орындауға машықтандырады | Кіші топтарда, топта ойындарт ұйымдастыру |
| | Баланың «жақын даму зонасын» анықтау, шығармашылық, потенциялдық мүмкіндіктерін ашу | Эмоциясын дамытатын, қиялын дамытатын (ән, би, күй, спорт) ойындар ойнау |
| | Баланың ішкі және сыртқы мотивтерін туғыза отырып, белсенділігін арттыру. | Көңіл-күйді анықтауға байланысты ойындар |
| | • Жеке тұлғалық қасиеттер: байқағыштық, талпынушылық, білімге құмарлықты дамыту | «Дәл тап», «Сөз ойла» үріндегі ойындарды ойнау |
| **Танымдық қызығушылықты дамыту ойындары** | • Танымдық үрдісін дамыту<br>• | Үстел үсті ойындарын ойнау |
| | • Мәдениеттілікті, мәдени ойлауды жоғарылату<br>• | Эмоциясын дамытатын, қиялын дамытатын (ән, би, күй, спорт) ойындар ойнау |
| | • Шығармашылық қиялын дамыту<br>• | «Сөз ойла», «Қай сөз?» |
| | • Өзіндік бағалау мен бақылауды қалыптастыру | «Мен кіммін?» т.б. ойындарын ойнау |

## Кесте 9
## Ойын қызметінде 6 жасар баланың дербестігін дамытуға арналған ойындардың түрлері

| № | Ойынның мақсаты | Ойынның қызметі | Балада қалыптасатын дербестік |
|---|---|---|---|
| 1 | Балалардың танымдық белсенділігін, қызығушылығын күнделікті заттарға қарап ынталарын қалыптастыру. Қиялдау талабын дамыту,<br>Ойын жетілдіріп, граматикалық ережеге сәйкес ойды жеткізу | Ойынның психологиялық қызметі | Бала ойнап сергиді, денесі шымырланады. |
| 2 | Ойын арқылы психологиялық ерекшеліктерін қалыптастыру, ойын арқылы балаға білім беру, қызығушылығын, эмоционалды қызығуын дамыту, бала бойында патриотизмді, адамгершілік каситеттерді қалыптастыру | Ойынның әлеуметтік қызметі | Болашақ ел қорғаушы батырлық қасиеттерін шыңдайды. |
| 3 | • Мотивациялық-бағдарламалық – дамытушы ойындар арқасында баланың танымдық қызғушылығын қалыптастыру үшін жағдай жасау керек | • Диагностикалық қызметі | Бала зейіні қажет ететін, әдейілеп ұйымдастырылған ойындар оның ақылын, дүниетанымын кеңейтеді, мінез – құлқын, ерік – жігерін қалыптастырады |
| 4 | Бала ойын үстінде қандай болса, өскенде еңбекте сондай тұлғаға қажетті дағдыларды игерту, сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою, ерік қабілеттерін зерттеу | Ойынның қоғамдық қызметі | • Балалар ойын барысында өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекеті сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою, ерік арқылы байқалады. |
| 5 | Жағымды эмоциялық жағдай тудыру, өзіне деген сенімділікті арттыру, өзін ұстауды үйрету, ұсақ, ірі моторикаларын дамыту, зейінді дамыту, шешім шығаруға үйрету | Коммуникативтік қызметі | • Балаларды заттарды бір – бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Балан жас ерекшелігіне сай бағдарламалық оқу материалдарын ұйымдастырады |
| 6 | Ұлттық ойындардың барлық түрін қолдану арқылы баланың салт-дәстүрлермен таныстыру | | • Ұлттық ойындармен танысады |
| 7 | Таңбалармен, символикалармен таныстыру | Білімдік қызметі | • сюжеттік-рөлдік ойын ережелерін игереді |
| 8 | • Танымдық дағды әрекеттерін түсінетін, әлемді тани білетін, мәселелерді шешу үшін мәліметтерді қолдана алу қабілеті қалыптасады<br>• | • Балалардың табысқа жету, жаңа міндеттерді түсіну қабілеттері қалыптасады | • Танымдық процестері дамиды |
| 9 | • интеллектуалдық дамуы, байқағыштық, білуге құмарлық қасиеттері қалыптасады | Көшбасшылық қызметі | • Көшбасшылық, ұйымдастырушылық қабілеттері артады |
| 10 | • Ойындар балалардың қызығушылығын оятады, табандылық, ерік-жігер күшін, дамыту<br>• | Тәрбиелілік қызметі | • Белсенділік дамиды |
| 11 | қарым-қатынас, оқу, санамақ, жаңылтпаш ойын терапиясын қолдану | Емдік қызметі | Жүйке жұмысының қызметі реттеледі |
| 12 | Баланың танымдық, эмоционалдық-еріктілік, іс-әрекеттік, тұлғалық сфераларды түзету, психикалық процестері дамиды | Ойынның түзетушілік қызметі | Отбасы қарым-қатынасы реттеледі |
| 13 | өзара қарым-қатынас әрекеті қалыптасады | Алдандыру қызметі | Баланың<br>мақсатына жетуге тәрбиелеу |

Ойын қызметінде 6 жасар баланың дербестігін қалыптастыру жұмыстарын анықтаудағы тәжірибелік эксперимент жұмысының негізгі бағыттарын былайша құрдық:

- Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ойынның негізгі қызметін анықтау;
- Ойын қызметіндегі 6 жасар баланың дербестігін қалыптастыратын жұмыстарды анықтау;
- 6 жасар балаларға арналған ойындардың жіктеліміне сәйкес ойын түрлерін анықтау;
- 6 жасар балалардың дербестігін қалыптастырудағы ойынның негізгі қызметтерін тәжірибеде анықтау.






Зерттеу жобамыздың тақырыбына сай осы жастағы балаларды ойын қызметінде дамыту, білім беру мен тәрбиелеу, дербестігін қалыптастыру жұмысының ерекшеліктеріне тоқталдық:

- Ойын қызметінің тарихи сипаты;
- Ойын қызметінің адамгершілік сипаты;
- Ойын қызметінің психологиялық ерекшелігі;
- Ойын қызметінің әлеуметтік мәні;
- Ойын қызметінің емдік-түзетушілік ерекшелігі;

## 2.2. Ойын қызметін ұйымдастыру үдерісінде 6 жасар баланың дербестігін дамытудағы қалыптастырушы эксперимент жұмысының нәтижесі

Ойын қызметінде 6 жасар баланың дербестігін қалыптастыруға негізделген қалыптастырушы эксперимент жұмысының мақсаты мен міндеттері анықталып, орындалатын жұмыс тапсырмаларына таңдау жасалды.

Қалыптастырушы эксперимент барысында дербестікті қалыптастыру жолдарын келесідегідей көрсеткіштермен көрсеттік:

- 6 жасар баланың жауапкершілікті сезінуі;
- 6 жасар баланың байланыстырып сөйлеуге үйренуі;
- Сөздік қорды молайтуы;
- Өз бетінше жұмыс жасай білуі;
- Еңбекқорлық, мейірімділік, тазалық, қарапайымдылық, әдептілік қасиеттерді баланы бойына сіңіруі;
- Ортада өзін көрсете алуы, өзіне бақылау жасап, бағалай алуы.



# Ойынның атқаратын қызметіне қарай баланың дербестігін қалыптастырудағы ойын түрлерін іріктедік.





1.Шығармашылық ойындар –балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға, топтардағы идеяларды құруды ынталандыруға, қабілеттілікті арттыруға көмектеседі.

Мақсаты: Жануарлар туралы түсінік беру. Ермексазды дұрыс қолдану, ширатуға үйрету. Мүсіндеуге деген қызығушылықты арттыру

Шарты: Суретке қарап жануарларды мүсіндеу. Ол үшін мына үлгіге қарап, ермексазды жұмсартып, сопақша қалыпқа келтіреміз.

Дамытушы ойындар – бұл бала үшін ой иелігінен өткен құбылыс, оған бала өз еркімен ойынға қатысып, жаңа тәжірибе алмасып, одан алған білімі оның жеке байлығы болады.

Мақсаты: Балалардың танымдық қабілеттерін арттыру. Көлемі мен түсі бойынша бейнені құрастыра білуге үйрету. Зейінді дамыту,есте сақтау қабілетін жетілдіру.

таныстыруда мақсатты түрде пайдаланылады.

**«Не өзгерді?» ойыны**

ты: ойын ойнау арқылы шапшаңдыққа, өз бетімен
арын, есте сақтау қабілетін дамыту.



Ойын шарты:Балаларға үлкендігі бір
, ойыншықтарды көрсетеді. Балалар олардың аты
соң тәрбиеші балалардан көздерін жұмуын өтінеді
ншықтардың біреуін алып тастайды. Балалар көзі
ық жоқ екендігін айтады.



1.Шығармашылық ойындар –балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға, топтардағы идеяларды құруды ынталандыруға, қабілеттіл арттыруға көмектеседі.

Жануарларды мүсіндеу

Мақсаты: Жануарлар туралы түсінік беру. Ермексазды дұрыс қолдану ширатуға үйрету. Мүсіндеуге деген қызығушылықты арттыру.

Шарты: Суретке қарап жануарларды мүсіндеу. Ол үшін мына үлгіге қарап, ермексазды жұмсартып, сопақша қалыпқа келтіреміз.







Дидактикалық ойындар- баланың ақыл - ойын дамытып, таным түсініктерді ажыратуға,  білім, білік және дағдыларды тиянақтау және бекіту.
«Сәлемдесу» ойыны
Мақсаты: Балаларды құрбы –құрдастарын сылауға тәрбиелеу.
Міндеттері:
1)Балаларды ересек адамдармен еркін қарым-қатынас орната алуға үйрету.;
2)Жұптасып жұмыс жасауға үйрету;
3)Қиындықтарды бірлесіп женуге үйрету.
Ойын барысы: Сәлемдесудің бірнеше түрлерін көрсетеміз. Аяқ-аяқпен,қол-қолмен,мұрын-мұрынмен. Ойын барысында балалар немен сәлемдесетінің айтып қана сәлемдеседі.







# Қорытынды:



Ойын әрекеттің бір түрі ретінде баланың еңбекке, адамдардың күнделікті өміріне белсенді қатысуы арқылы қоршаған дүниені тануға бағытталған. Баланың ойын әрекеті әрқашан жалпыланады, өйткені мотив белгілі бір құбылыстың көрінісі емес, жеке қарым-қатынас ретінде әрекеттің өзін орындау болып табылады.



Мектепке дейінгі орта және үлкен жаста сюжеттік-рөлдік ойындар дами түседі, алайда, бұл уақытта олар мектепке дейінгі кіші жастағыға қарағанда тақырыптардың, рөлдердің, ойын әрекеттерінің, ойынға енгізілетін немесе ойын барысында жүзеге асырылатын ережелердің әлдеқайда ауқымды сан-алуандылығымен ерекшеленеді.



Балалар зейін қоюды, тыңдауды және бақылауды үйренетіні ерекше маңызды. Осының арқасында мектепте оларға мәліметті өңдеу және тапсырмаларды берілген үлгі бойынша орындау оңай болады. Ойындар балалардың қызығушылығын оятады, әуесқойлық, өз кезегінде, тәжірибе жасау және сынау ниетін тудырады және нәтижеге қол жеткізуге септеседі, табандылық пен ерік-жігер күшін, әртүрлі мүмкіндіктерді көру және мәселелерді шешу қабілеттерін дамытады. Осы қасиеттерге ие балалар мектепте табысқа жетеді және жаңа міндеттерді жақсырақ түсінеді.

# НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!

